

Қазақстан Республикасы Министрлер Кабинетінің 1995 жылғы 19 сәуірдегі N 508 қаулысына толықтыру мен өзгерту енгізу туралы

Қазақстан Республикасы Үкіметінің Қаулысы 1995 жылғы 13 қарашадағы N 1517

Қазақстан Республикасының Үкіметі қаулы етеді:

"Орталықтандырылған ішкі қаражат көздері есебінен қаржыландырылатын 1995 жылға арналған Қазақстан Республикасының инвестициялық бағдарламасы туралы" Қазақстан Республикасы Министрлер Кабинетінің 1995 жылғы 19 сәуірдегі N 508 қаулысының "Республикалық бюджет қаражаты есебінен қайтарымсыз негізде қаржыландырылатын республикалық нысаналы бағдарламалар объектілері бойынша 1995 жылға арналған күрделі қаржы салудың

көлемі" жөніндегі 2-қосымшасына мынадай толықтыру мен өзгерту енгізілсін:

"Сырдария топтық су құбырын жаңғырту" қаржыландыру объектісі Қызылорда облысына жататын объектілердің қатарынан шығарылып, Оңтүстік Қазақстан облысы объектілерінің қатарына енгізілсін.

Қазақстан Республикасының
Премьер-министрі